

## Дарынды оқушылармен жүргізілген жұмыс сараптамасы

2023-2024 оқу жылы

Мектепте оқу-тәрбие жұмысындағы әдіс-тәсілдің қай-қайсысы болсын, негізінде оқушылардың сана-сезімін, ақыл-ойын дамытуды мақсат ететін болғандықтан, олардың да дара ерекшеліктерін біліп, санасып отыру қажет. Дарын – бұл табиғаттың берген сыйы болса, оқушы бойындағы жылт еткен сәулені сөндіріп алмай, әрі қарай шыңдау – ұстаздың кәсіби біліктілігіне байланысты. Қыркүйек айында оқушылардың ой-өрісін зерттеу арқылы дарынды оқушыларды анықтау, олардың қандай өнерге бейімділігін байқау мақсатында жұмыс жоспарланған болатын. Қыркүйек айында оқушылардың ой-өрісін зерттеу арқылы дарынды оқушыларды анықтадық. Олардың тізімі жасақталды. Жоспар құрылды. Жетекші тағайындалды. Жоспармен жұмыс істеу арқылы дарынды оқушыларымыз көптеген жетістікке жетті.

Қыркүйек айында өткен Республикалық оқырмандар байқауының аудандық кезеңіне екі оқушы қатысты. Екпін Перизат 8- сынып оқушысы ІІІ орынға, Серикова Айым сертификатқа ие болды.



Аудандық «Лингвистика» олимпиадасына 2 оқушы қатысты. Темиров Тимур, Сарманов Амир - екі оқушы да сертификатқа иеленді. Қараша айында мектепішілік пәндер олимпиадасы өткізілді. 5-9- сынып оқушылары қатысты. Олимпиадаға 28 оқушы қатысты. Гуманитарлық пәндер бойынша 22 оқушы, жаратылыстану пәндер бойынша 17 оқушы қатысты. Олимпиада нәтижесі бойынша 9- сынып оқушылары Серикова Айым ағылшын пәнінен, Досов Данил алгебрадан, Сагинтаева Арай Қазақстан тарихынан және Темиров Тимур

география пәнінен I орынға ие болды. Республикалық пәндер олимпиадасының аудандық кезеңіне I орын алған 4 оқушы қатысуға жолдама алды.

5-6- сынып оқушыларына арналған пәндер олимпиадасының мектепшілік кезеңі мектепте өткізіліп, жоғары балл жинаған 8 оқушы аудандық кезеңге қатысты. Аудандық олимпиаданың нәтижесі бойынша барлық оқушылар қатысқаны бойынша сертификатқа ие болды.

7-8-сынып оқушыларына арналған пәндер олимпиадасының аудандық кезеңіне 10 оқушы қатысты. 7- сынып оқушысы Омаров Ұлан олимпиаданың қорытындысы бойынша қазақ тілі мен әдебиет пәнінен I орынға қол жеткізді. 8 -сынып оқушылары Дошамакова Азиза, Екпін Перизат биология пәнінен III орынға, Казбекова Инкар химия пәнінен III орынға ие болды. Қ.Бітібаева атындағы қазақ тілі олимпиадасына Серикова Айым қатысып, I орынға ие болды. Облыстық кезеңде қатысқаны үшін сертификатқа ие болды. «Зерде» аудандық ғылыми жобалар байқауына бір оқушы қатысты. Жетекшісі бастауыш сынып мұғалімі Жоламанова Т.Ж. Биылғы жылы мектепте бірнеше спорт секциялары жұмыс істеді. Оқушылар белсене қатысты. Қазақша күрес, каратэ, волейбол, баскетбол, теннис т.б. Жыл бойы өткізілген аудандық, облыстық, республикалық спорт жарыстарына мектеп оқушылары қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Аудандық қысқы, жазғы спорт ойындарынан жүлделі орын алған оқушылар: Серикова Айым, Вебер Таир, Сагинтаева Алтынай. Қазақша күрестен Омаров Ұлан, каратэдан бірнеше оқушы жеңімпаз атанды. 7- сынып оқушысы Вебер Таир каратэдан Республикалық жарыста I -орынға ие болып, Ақмола облысының намысын қорғап келді.

Бастауыш сынып оқушылары жыл сайын өтетін Республикалық «Ақбота», «Кенгру» интеллектуалды олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Мектебімізде қазақша күрес, каратэ секциялары жүргізілді. Жыл бойы оқушылар бірнеше қалалақ, облыстық жарыстарға қатысып, жүлделі орын алып, жеңіс тұғырынан көрінді. Бірнеше аудандық спорт жарыстарының жүлдегері 9- сынып оқушысы Серикова Айым, 8- сынып оқушылары Вебер Таир, Омаров Ұлан.



Аудандық математика пәнінен олимпиада Қызылсая орта мектебінде өтті. 5-6 сынып оқушыларына арналған пән олимпиадасында оқушылар жүлделі орындарға ие болды. Аталмыш оқу жылында алғашқы рет ауыл олимпиадасы басталды. Мектебімізден география, биология, ағылшын және орыс тілі пәнінен оқушылар қатысты. Серикова Айым ағылшын, Темиров Тимур, Сагентаева Айлтынай география пәнінен мектепшілік кезеңнен аудандық кезеңге өтті. Аудандық кезеңге қатысқандары үшін сертификатқа ие болды. Бастауыш сынып оқушыларына арналған «Алтын сақа» математика пәнінен олимпиада өтті. 4 оқушы грамотаға, Набиева Самира жүлделі 2 орынға ие болды. 5-6- сынып оқушыларына арналған «Алтын сақа» математика пәнінен олимпиада өткізілді. Мектепшілік және аудандық кезеңдер болды. Аудандық кезеңге 3 оқушы қатысты. Жүлделі орындарға ие болған жоқ.



Мектебіміздің мақтанышы Вебер Таир спорттық ойындардың бірнеше дүркін жүлдегері.



Омаров Ұлан 7/8- сынып оқушыларына арналған пән олимпиадасында қазақ тілі мен әдебиетінен I орынға ие болды. Биылғы оқу жылында көркем еңбек пәнінен аудандық, облыстық бірнеше байқаулар ұйымдастырылды. Пән мұғалімдер оқушылармен бірге белсене

қатысты. Оқушыларымыз жүлделі орындарға ие болды. Айта кетсек: Серикова Айым І,ІІ , Екпін Перизат ІІ, Белгібай Абылайхан І орынға ие болды.Пән мұғалімдері Хайролла Айгерим Т.,Сағынтай Н.Е.



2023-2024 оқу жылы мектепшілік түрлі спорттық ойындар ,жарыстар өткізілді.Аудандық шахмат ойынына қатысты,бірақ жүлделі орындарға ие болған жоқ.Спортқа қызығушылық танытатын оқушылармен қосымша жұмыс жүргізу керек.Шахмат,тоғызқұмалақ үйірмелеріне қосымша сағаттар бөлініп, оқушылармен жиі сабақтар жүргізілсе , аудан, облыс көлеміндегі жарыстарға қатысу мүмкіндігі болады.

Дарынды балалармен жұмысты жандандыру бағытында өз ісімен көзге түскен мұғалімдер де баршылық. Бастауыш мұғалімі Самойленко Н.Н. қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдері Оспанова Б.Г., Жылқыбай Г.Қ. тарих пәні мұғалімі Кульмағанбетов Е.Е.

Дарынды оқушылармен жұмысты қорытындылай келе, осы бағыттағы жұмыстардың әлі де әлсіз жақтары –интеллектуалды сайыстар, олимпиадаларда нәтижелерге қол жеткізуге, жоғары сынып оқушыларын ғылыми жобалар қорғауға дайындауға барлық мүмкіндіктерді қолданып, жоғары және бірінші санатты мұғалімдердің белсенділіктерін арттыру қажет.

#### **Ұсыныс:**

- 1.Әр пәннен олимпиада өткізіліп, ауданға ,облыс көлемінде озық оқушыларды жіберу.
- 2.Дарынды балаларды мектепшілік,аудандық ,облыстық, республикалық іс – шараларға қатыстырып қабілеттерін дәлелдеу.

#### **Күтілетін нәтижелер**

- 1.Мектепте ғана шектелмей аудандық, облысқа шығаруға байланыс жасау
- 2.Мектепте ғана шектелмей колледж және жоғарғы оқу орындарынмен байланыс жасау
- 3.Пән мұғалімдер өз пәндерінен байқау сайыстарына, аудандық олимпиадаға оқушыларды көбірек қатыстыру керек.

ҚББП: Аукарова Г.Ж.